*Наурызбеков С.К. - PhD - к.э.н., ассоциированный профессор  
Карабаев Н. - старший преподаватель кафедры «Экономика»  
Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати.*

Дорожное хозяйство является важнейшим элементом производственной и социальной инфраструктуры Казахстана. Его эффективное функционирование и устойчивое развитие – необходимое условие стабилизации, структурной перестройки и перехода к подъему экономики, обеспечения целостности и национальной безопасности страны, повышения уровня и улучшения условий жизни населения. Это требует реализации программы создания качественно новой дорожной сети Казахстана за счет строительства новых дорог, реконструкции и повышения транспортно-эксплуатационного состояния существующих автомобильных дорог. Главным условием осуществления требуемых объемов развития сети автомобильных дорог становится устойчивое их финансирование во все возрастающих размерах.

В настоящее время развитие сети автомобильных дорог Казахстана отстает от потребностей транспорта и экономики страны. Реализация мер по ликвидации подобного отставания требует привлечения для целей строительства, реконструкции и содержания автомобильных дорог средств различных финансовых учреждений, корпоративных структур, а также пользователей дорог [1].

В зарубежных странах получили распространение различные способы привлечения средств в дорожную отрасль за счет внутренних источников. Некоторые из них приведены ниже.

**Платные дороги.** Выбор конкретных форм и методов привлечения финансовых средств для создания платных дорожных объектов зависит от характера и стоимости объекта, состояния и особенностей нормативно-правовой базы, финансовых возможностей инвесторов. Как правило, созданием платных автомобильных дорог занимаются акционерное общества, выполняющие проектирование, строительство и эксплуатацию дорог, мостов, тоннелей и путепроводов по соглашению с существующими органами государственного управления. Поскольку дорожное строительство характеризуется высокой капиталоемкостью и длительным инвестиционным циклом, в большинстве развитых стран основной формой реализации проектов платных дорог стали долгосрочные концессии.

**Использование придорожной полосы.** Наряду со строительством платных автомобильных дорог осуществленные перспективы по привлечению внебюджетных средств в дорожную отрасль связаны с использованием придорожной полосы отвода основных дорог для обустройства стандартизированных и сертифицированных сервисных пунктов, перевалочных терминалов контейнерных перевозок и других видов платных услуг. Не отрицая зависимости поступлений от пользователей платных участков автомобильных дорог, мостов и других сооружений, следует отметить достаточно ограниченное их количество и в большинстве своем сравнительно короткие отрезки времени их работы в коммерческом режиме, что не позволяет быстро наращивать финансовые ресурсы из этого источника даже при сравнительно высокой средней величине тарифа. Поэтому более активное и широкое привлечение частных инвестиций в дорожный сектор зависит от перспектив коммерческого использования придорожной полосы.

**Перевалочные терминалы контейнерных перевозок.** В Казахстане, как и во всем мире, ускоренными темпами развивается контейнеризация перевозок, которая позволяет обеспечивать своевременную перевозку грузов, их сохранность и быстрейшую доставку с наименьшими трудовыми и материальными затратами. Контейнеризация перевозок создает предпосылки для широкого развития терминальной системы междугородних

автомобильных перевозок. По этой системе загруженные для отправки контейнеры доставляются на специализированные контейнерные площадки автомобилями средней грузоподъемности, комплектуются по направлениям перевозки в укрупненные партии, для перевозки которых используются наиболее эффективные большегрузные транспортные средства. По экспертным оценкам, применение терминальной системы перевозок позволяет снизить себестоимость последних на 20-30%. В связи с развитием терминальной системы представляется целесообразной проработка вопроса использования придорожной полосы для обустройства терминальных площадок, с последующей сдачей их в аренду или же эксплуатацией на коммерческой основе. Комплексное обустройство контейнерных терминалов является капиталоемким проектом, поэтому на начальном этапе государственные организации, опираясь на существующие дорожные службы и их подрядчиков, могли бы взять на себя строительство площадок с твердым покрытием, поведение к ним подъездных путей и коммуникаций. Такого рода объекты могли бы передаваться на договорной основе заинтересованным организациям для дальнейшего обустройства и эксплуатации, а получаемые доходы являлись бы дополнительным источником финансирования дорожного строительства. Наиболее перспективными местами строительства такого рода площадок являются подъезды к крупным городам на международных трассах, а также места их пересечения с другими трассами общегосударственного и международного значения.

*Предприятия придорожного обслуживания* (АЗС, организации общепита, гостиницы, моечные пункты). При расположении их в полосе отвода сборы с таких предприятий за право их размещения и деятельности на территории автомагистрали могут быть фиксированными или переменными в зависимости от объема продаж или услуг. Как показывает зарубежный опыт, затраты проезжающих по дороге на различные нужды, не связанные непосредственно с проездом (различные закупки, питание, ночлег), соизмеримы с транспортными издержками, в связи с чем чистый доход от затрат на развитие дороги может увеличиться на 30-40% и более. Большие перспективы в качестве источника дохода заложены также в оплате за размещение рекламы на территории дороги и предоставление прав использования территории дороги для прокладки параллельных линий связи или других коммуникаций, а также объектов их инженерного обустройства, если это окажется допустимым по техническим возможностям [2].

Динамичное развитие инфраструктуры автомагистралей и придорожного сервиса в полосе отвода, в первую очередь, связывается с развитием малого бизнеса в виде различных бензоколонок, небольших кемпингов, моек, кафе и мотелей вдоль дороги. В настоящее время малый бизнес в Казахстане наиболее мобилен, он быстро привлечет капитал в эту сеть, в связи с чем значительно расширится налогооблагаемая база и возрастут поступления в бюджет [3].

Развитие грузовых автомобильных перевозок является фактором, обеспечивающим усиление внимания среднего и крупного бизнеса к автодорожному комплексу. В частности, недавно появившаяся возможность участия корпоративных структур в договорах концессии будет способствовать росту объемов вложений средств крупных компаний в создание автотранспортной инфраструктуры.

#### **Использованная литература:**

1. Наурызбеков С.К. Финансирование автомобильных дорог в Республике Казахстан: Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. - Тараз, 2015 - 161с.
2. Специальные фонды зарубежных стран: виды, особенности, характеристика. [https://studbooks.net/1586289/finansy/spetsialnye\\_fondy\\_zarubezhnyh\\_stran\\_v\\_idy\\_osobennosti\\_harakteristika](https://studbooks.net/1586289/finansy/spetsialnye_fondy_zarubezhnyh_stran_v_idy_osobennosti_harakteristika)
3. Нагманов К. Транспортный комплекс: интеграция в мировую экономику. Автомобильные дороги, 2003г., №10.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ БАСЫМДЫ БАҒЫТТАРЫ

*Нұрмағанбет Ә.А. - магистрант*

*Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы қ.  
e-mail: okenova.aselya@mail.ru*

Қаржы нарығы – ақша операцияларының арнайы саласы болып табылатын нарықтық қатынастар жүйесі және мұнда капитал несиегерлер мен қарызгерлер арасында бағалы қағаздарды шығару және сатып алу-сату нысанында қайта бөлінетін несие капиталдары нарығының бір бөлігі. Мұнда халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, мемлекеттік құрылымдардың клиенттерге не бағалы қағаз кепілдігімен немесе несие түрінде берілетін бос ақшалай қаражаты мәміле объектісі болып табылады. Сондықтан ол бағалы қағаздар нарығы ретінде де, несие капиталының нарығы ретінде де әрекет етеді. Қаржы нарығы жаңа бағалы қағаздар шығару ісімен айналысатын бастапқы қаржы нарығы және бұрын шығарылған бағалы қағаздарды қайта сатумен айналысатын қайталама қаржы нарығы түрлеріне бөлінеді. Қайталама нарық өз кезегінде биржалық және биржадан тыс нарық түрлеріне бөлінеді. Биржалық нарықта мамандандырылған қор биржалары жетекші компаниялардың акцияларын сатып алу-сату операцияларын жүргізеді. Қазақстан қаржы нарығының жеткілікті дамуы үшін қаржы құралдарының әртүрлілігіндегі инвесторлық сұранымды қанағаттандыру қажет. Бұл үшін:

- қаржы құралдары мен сауда-саттықты және қаржы нарығының жағдайы туралы интернетті, рейтинг желісін және басқа арналарға қоса ақпаратты ұйымдастыру жөніндегі сапалы және технологиялық алдыңғы қатарлы қызметтерді жеткізуші ретінде Қазақстанның қор биржасын дамыту;
- сауданы валюталық және пайыздық тәуекелділіктерді, басқа мақсаттарды хеджерлеуге арналған әр түрлі биржалық қаржы құралдарын ұйымдастыру және қолдау;
- бағалы қағаздардың орталық депозитарийі мен қазақстандық банкарқылық есеп айырысудың үздіксіз қызмет етуін, оның ішінде оларды бағдарламалық-техникалық және технологиясының баламалы күй-жағдайын қолдау арқылы қамтамасыз ету, олардың бағдарламалық-техникалық кешендерінің сенімділігі мен ақпараттық қауіпсіздігін жасау;
- қолма-қол ақшасыз төлем құралдарын жетілдіру және олардың қолдану саласын кеңейту;
- рейтингілер, қор индекстері, қаржы нарығының мониторингері сияқты өнімдерді ұйымдастыру мен жетілдіруге мүмкіндік жасау;
- айналымға бағалы қағаздардың жаңа түрлерін және басқа да қаржы құралдарын енгізу;
- Қазақстанның қаржы нарығында айналымға көрші мемлекеттерден басқа да қаржы құралдарын, қолайлы инвестициялық сапа шарттары кезінде оларға жіберудің қарапайым сипатын белгілей отырып тарту;

қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін Ұлттық банк пен басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан, оларға нарықтың ашықтығын қамтамасыз ету үшін, қаржы нарығының субъектілерімен тікелей өзара іс-қимыл мен жеке құрамның жоғары біліктілігін қамтамасыз ете отырып, қаржы құралдарының инвестициялық тартымдылығын арттыру маңызды [1].

Орта мерзімді перспективада қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау осы саладағы мемлекеттік саясат мүдделерін, ел экономикасының қазіргі заманғы дамуын және халықаралық ынтымақтастық жағдайларын ескере отырып жүзеге асырылады.

Шетелдік банктердің отандық қаржы нарығына қол жетімдігін ырықтандыру, банктердің сыртқы қарыз алуларының өсуін басқарудың тиімділігін арттыру, банктер активтерінің сапасына сыртқы қарыз алулардың өсу әсерінің мониторингі, банк секторы



активтерінің сапасына жылжымайтын мүлік нарығын тұрақсыздандыру ықтимал теріс әсерін азайтуға жәрдемдесу, екінші деңгейдегі отандық банктер қызметінің ашықтық деңгейін арттыру мақсатында алдағы жылдары экономиканың банк секторын мемлекеттік реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру жалғасатын болады. 2021-2025 жылдары мынадай іс-шараларды орындау керек. Шетелдік банктердің отандық қаржы нарығына қол жетімділігін ырықтандыру мақсатында республиканың қолданыстағы банк заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, осы бағыттағы қалыптасқан ахуалды, экономикалық орнықтылықты және халықаралық практиканы ескере отырып, сыртқы қарыз алулардың оңтайлы көрсеткіштерін айқындауға, жылжымайтын мүлікке бағалардың төмендеуіне байланысты тәуекелдерге банктердің орнықтылығын арттыруға; екінші деңгейдегі отандық банктер қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға; активтерді жіктеу ережесін жетілдіруге және олар бойынша провизиялар құруға ықпал ететін нормативтік құқықтық келісімдер қабылдау. 2021-2025 жылдары сақтандыру ұйымдары қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға, сақтандыру қызметтерінің отандық нарығының сыйымдылығын ұлғайтуға, қайта сақтандырудың ішкі секторын, жинақтау сақтандыру жүйесін дамытуға, шаруашылық субъектілерінің және ел тұрғындарының сақтандыру мәдениетін, міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыруға экономиканың сақтандыру секторын мемлекеттік реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру жолымен қол жеткізілетін болады. Экономиканың сақтандыру секторын мемлекеттік реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында алдағы кезеңде: сақтандыру ұйымдары қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға ықпал ететін нормативтік құқықтық келісімдер қабылдау; міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру; түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда, республика халқының сақтандыру мәдениетінің деңгейін арттыру жөніндегі шаралар қабылдау ұйғарылып отыр.

Акционерлік қоғамдар қызметінің ашықтық деңгейін арттыру, қор нарығының өтімділігін қамтамасыз ету, халықтың жеке жинақтарын жұмылдыру акцияларын нарығын дамыту, ұсынылатын қаржы құралдарының спектрін кеңейту мақсатында жоспарланатын кезеңде бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру қажет.

Акционерлік қоғамдар қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу арқылы қол жеткізілетін болады. Өңірлік қаржы орталығының жұмысын қолдау қор нарығының өтімділігін қамтамасыз етеді. Қазақстандық бағалы қағаздар нарығында жоспарланып отырған инвесторларды - заңды тұлғаларды оқыту және инвестициялаудың ұжымдық нысанын дамыту халықтық жеке жинақтарын жұмылдыруға ықпал ететін болады. Корпоративтік басқару жүйесін енгізу мақсатында бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды мемлекеттік реттеуді өздерінің қызметі туралы ақпаратты ашу, бағалы қағаздар бойынша кірістерді аудару және төлеу кезінде төлем тәртібін арттыру жөніндегі талаптарды олардың орындауы бөлігінде күшейтуді; бағалы қағаздарды иеленушілердің құқықтарын бұзғаны үшін компаниялар басшыларының әкімшілік жауапкершілігін күшейту, акциялардың бақылау пакетін иеленбеген акционерлердің құқықтарын қорғайтын нормативтік келісімдер қабылдауды көздейтін корпоративтік басқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау қажет.

Сондай-ақ қазақстандық компаниялардағы корпоративтік басқару деңгейін корпоративтік басқару нормалары мен қағидаттарын сақтауын бағалауға жетекші рейтингілік агенттіктерді тарту қажет. Мыналар: бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жариялау; мамандандырылған әдебиет шығару; бағалы қағаздардың әлеуетті эмитенттері үшін семинарлар өткізу жолымен халықтың бағалы қағаздар нарығы туралы хабардар болуының деңгейін арттыру жөніндегі шаралар жүзеге асырылады. Қаржы құралдарын инвестициялау үшін ұсынылатын спектрді кеңейту мақсатында мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту, секьюритилендіру тетіктерін шығару, мемлекеттің толық және ішінара кепілдігімен облигациялар шығару жолымен мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін дамыту көзделіп отыр [2].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау 2021 жылғы қызметінің басым бағыттары:

2021 жылы Комитет қаржы нарығы және қаржы ұйымдардың мәселелері бойынша, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттің жаңа саяси бағытын іске асыру бойынша жалпыұлттық іс-шаралар жоспарында, Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасында және Исламдық қаржыландыруды дамытудың 2025 жылға дейінгі көзделген мәселелері жөнінде бағдарламалық, жоспарлы және басқа құжаттардың іс-шараларын орындау бойынша жұмыстарды жалғастырады [3].

Тұжырымдаманың басты мақсаттары қаржы секторының тұрақтылығын одан әрі дамыту, қалыптасқан үрдістерді қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізін қалаушы факторлар ретінде қабылдануына жол бермеуге қарсы әрекет етуге барабар механизмдер құру, сондай-ақ республикамыздың қаржы жүйесіне деген сенімді нығайту және инвестициялық белсенділікті ынталандыру болып табылуы тиіс.

Дағдарыстан кейінгі кезеңде қаржы секторында анықталған проблемаларды жою, болашақта оларды болдырмау бойынша жағдайлар жасайтын жұмыстар жүргізілуі тиіс. Осы заманғы үрдістер мен жаңа талаптарға жауап беретін, оның ішінде еліміздің жеделдетілген индустриалды-инновациялық дамуы жөніндегі мемлекеттік саясаттың белгіленген басым бағыттарына сай келетін егемен Қазақстанның тұрақты әрі бәсекеге қабілетті қаржы жүйесін қалыптастыру жұмыстарын жалғастыра берген жөн.

Қаржы ресурстарын мобилизациялау шеңберінде мемлекеттің басымдықтары мен күші, бірінші кезекте, макроэкономикалық шешімдерді іске асыруға барынша белсенді ат салысу үшін жеткілікті потенциалы бар ішкі ресурстарға бағытталуы тиіс. Ішкі ақша жинақтарын, оның ішінде көлеңкелі секторда айналыста жүрген жинақтарды тарту бойынша құралдарды енгізу және дамыту жұмыстары жүргізілуі қажет. Екінші деңгейдегі банктердегі халықтың және заңды тұлғалардың депозиттері оларды қаржыландырудың негізгі көздері болуы тиіс.

Қазақстандық қаражаттың даму басымдықтары кезінде және отандық қаржы секторы мен экономиканың тұрақтылығы мен орнықтылығына қауіп тудырмайтын көлемде шетел инвестициялары маңызды рөл атқаратын болады.

Бұл бағыттарда еліміздің аумақтарында жаңа қаржы құралдарын енгізу мен дамыту кезінде әлеуетті тәуекелдерді жан-жақты бағалау принципінің негізінде көрсетілетін қаржылық қызметтердің сапасын арттыру және ауқымын кеңейту бойынша жұмыстар жалғасын табуы тиіс.

Әлеуметтік және медициналық қамтамасыз ету (сақтандыру) жүйелерін одан әрі жетілдіру жинақтаушы зейнетақы қорлары мен сақтандыру компаниялары жинақтайтын қаражатты пайдалануға және нарықтық механизмдерді кеңінен енгізуге бағытталатын болады, бұл халықты әлеуметтік қамтамасыз ету дәрежесін арттыруға мүмкіндік бере отырып, осы институционалдық инвесторлардың инвестициялық потенциалын ел экономикасын ұзақ мерзімді қаржыландыру үшін пайдалануға жол ашады.

Мемлекеттік-жеке серіктестік схемаларын одан әрі дамыту аясында инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін институционалдық және жеке инвесторлардың қаражатын тарту, осы жобалардың инвестициялық тартымдылық дәрежесін арттыру және олардың қаржыландырудың негізгі көздеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету, оның ішінде төлемдері арқылы қаржыландырылатын жобаларды сатудан алынған қаражат есебінен жүзеге асырылатын қаржы құралдарын шығару арқылы қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыра берген жөн. Бұл ретте, мемлекеттік-жеке серіктестік механизмдерінің тиімділігін қамтамасыз ету міндеттерін шешу шегінде дамытудың басым бағыттары инфрақұрылымдық жобалардың институционалдық инвесторлар үшін, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры үшін қаржыландырылатын жобалармен байланысты

тәуекелдерді анықтаудың, бағалаудың және төмендетудің тепе-тең жүйелерін қамтамасыз ету арқылы тартымдылығын арттыруға негізделуі тиіс.

Бінталандыру механизмдерін жасау, халықтың қаржылық білімділігін одан әрі арттыру және жеке инвесторларды қорғау механизмдерін күшейту арқылы халықты қор нарығына қатыстыру үшін оларды жұмылдыру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Инвестициялық қорлардың акционерлері мен пайшыларын қорғау дәрежесін арттыру үшін инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін заңнамаларды одан әрі жетілдіру шаралары қабылдануы тиіс.

Қадағалаудың шоғырландырылған негізде бұдан әрі дамыту жоспарланып отыр, ол реттеу мен қадағалау құрылымына, бұл ретте негізінен банк конгломератының жекелеген институттарының сенімділігіне назар аударылады, қажет болған жағдайда тиісті шараларды қабылдауға жұмылдырылған. Одан басқа, басқа елдердің қадағалау органдарымен бұдан тығыз ынтымақтасу және олармен ақпарат алмасу арқылы трансшекаралық қадағалауды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастырады.

Қазақстанда қор нарығын дамытудың керемет мүмкіншілігі десе де өз алдына бұдан да күрделі мәселелерді қоюға болады. Қазақстан қор нарығының қиын кезеңін есепке алатын болсақ, әрине қажеттілігі сезіліп тұр. Егер белгілі бір көрсеткіштер мен болжамдарға сай екенін айтатын болсақ, (мысалы, 160 000 мың жеке тұлға мен 500 млн доллар қаражат тарту, немесе 2025 жылға дейін биржа қаржысының 15-20% өсіру), онда бұл мақсаттарды орындауға болады, және Бағдарлама сәтті болды деп айтуға болады. Бұл көрсеткіштерге қарап, Бағдарлама сәтті өтті деуге болмайтын сияқты. Әрине, тәуекелдерде барудан қорықпау керек, бұдан да маңызды мақсат қою керек. Өткені бұл теңдесі жоқ Бағдарлама. Қазақстанда мұндай әлі болған емес. Бұл жоба, қаржы нарығын дамытуға үлкен мүмкіншілік береді, егер біз 3 миллион адам тартамыз деп, 1 миллионды ғана қатыстырсақ, бұл 160 мыңды шақырып, 500 млн тартып отыр [3].

Бағдарламаның басты мақсаты қаржы нарығының дамуына серпіліс беру. Бұл Бағдарлама уақытша түрткі болмақ. Оның неғұрылым сәтті өткені, сол ғұрлым үлкен нәтиже күтілуде. Бағдарлама барынша тиімді жүргізілу керек, тек сонда ғана біз инвесторлардың жаңа тобын құра аламыз. Әрине бұл Бағдарлама Қазақстан қор нарығындағы барлық мәселелерді шешпейді, қор нарығының әлсіздігі қаржылық құралдардың жоқтығы мен инвесторлардың аздығында ғана емес. Ол үшін қор нарығын күшейтуде үлкен еңбек жасау керек. Ұйымдастырушылар Бағдарламаның сәтті жүзеге асатынына сенімді болса, инвесторлардың шығынын белгілі әрекеттер арқылы азайтып, алдын ала қамдану керек. Егер толық сенімді болмаса, халықты алдын ала тәуекелдер туралы хабардар еткен жөн.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. [www.finreg.kz](http://www.finreg.kz)
2. Давыдова Л., Райманов Д. Қазақстан Республикасының банк құқығы Алматы, 2017.
3. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

## ГЕРМАНИЯНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Нысанбай Н.К. - аға оқытушы*

*Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы қ.*

*e-mail: [nurzik777@mail.ru](mailto:nurzik777@mail.ru)*

Батыс елдерінде экономиканы мемлекеттік реттеу маңызды рөл атқарады. Дамыған елдер үшін экономикалық өмірдің әр түрлі салаларына кең араласу тән. Нарықтық шаруашылыққа тән (салық салу, несиелеу, инвестициялау) аса экономикалық реттеушілер көмегімен мемлекет шаруашылық қызметтің, қоғамдық мұқтаждықтарды қанағаттандыратын баламалы нұсқасын таңдауды талап етеді. Батыс елдердің экономикасын реттеуге жергілікті басқару органдары қатысады. Олар өз аймағына жеке капиталдарды тартуда құштарлық танытады және инвесторларға жанама көмек көрсетуге дайын. Бұған жер учаскелері мен құрылыстарды сатып алу немесе жалдау кезіндегі сату бағасынан немесе жалдау төлемінен жеңілдіктер, қарыздарды қамтамасыз ету, кепілдік қорларда қатысу, өнеркәсіп зоналарын құру жатады [1]. Өнеркәсіп зоналарында аймақтар мен құрылыстар көбінесе кәсіпорындарға жағымды қаржылық жағдайларда беріледі. Жиі муниципалды шот үшін шаруашылық қызметтің жаңа түрлерін дамытуға мүмкіндік беретін арнайы өндірістік бөлмелерді салу іске асырылады. Әрине, ынталандырушы шараларға жергілікті салықтардан мерзімді немесе тұрақты босату жатады.

Кейбір елдерде бірқатар қалалар аумағында салықтық жеңілдіктер қолданумен қоса жаңадан құрылған жұмыс орнына арнайы бюджеттік үстеме еңгізілген. Жергілікті басқару органдары шаруашылықтың жаңа салаларына жұмыс күшін дайындауда шығындардың көп үлесін өзіне алады. Сонымен қоса, өз жұмысшылары мен қызметкерлерін қайта дайындауды дербес жүзеге асыратын кәсіпорындар салықтық жеңілдіктерді қолданады.

Еуропа мемлекетіндегі республикалардың бірі Германияның салық жүйесінің ерекшелігіне тоқтала кететін болсақ, Германия үш деңгейге бөлінген мемлекеттік билігі бар федеративтік мемлекет болып табылады. Осыған орай оның салық салу жүйесі федерацияның, федерация мүшелері – жерлердің және осы жерлердің құрамдас бөлігі болып есептелінетін қоғамдастықтардың мүдделерін (бюджеттерін) көздей отырып құрылғанын байқаймыз.

Германияда салық ісін ұйымдастыру Л.Эрхард ұсынып кеткен қағидаларды ескере отырып құрылады. Ол қағидалар төмендегідей [2]:

1. Салықтар мүмкіндігінше ең аз болуы тиіс;
2. Белгілі бір объектіге салық салынғанда салық алудың экономикалық мақсаттылығы ескерілуі тиіс;
3. Салықтар бәсекеге кері әсерін тигізбеуі керек;
4. Салықтар саясат құрылымына сәйкес болуы керек;
5. Салық салу жүйесі салық төлеушінің жеке өміріне сыймен қарау және коммерциялық құпияны сақтаудан түруы қажет;
6. Салық жүйесінде қосарлы салық салу болмағаны жөн;
7. Салықтар қоғамда табыстарды әділ бөлуді қамтамасыз етуі қажет;
8. Салық көлемі мемлекет көрсететін қызмет көлеміне сәйкес болуы керек.

Германияда салық ісі 1969 жылы өткен салық реформаларының негізінде жүргізіліп жатыр.

Жоғарыдағы қағидалар бола тұра, Германияның бүгінгі таңдағы салық жүйесі тым жоғары мөлшерлемелермен ерекшеленіп, әрдайым сынға алынып, пікірталас тудыратын күрделі мәселелердің бірі. Германияда барлығын қосқанда 50-ден астам салықтың түрлері бар.

Федерация, жергілікті жерлер мен қауымдастықтардың салық ісі бойынша құқықтары Ата заңға сәйкес қатаң бөлініп, реттеліп отырады.

Салықтық түсімдер екі бағытта бөлінеді: тігінен яғни федерация, жергілікті жерлер мен қауымдастықтар арасында (тікелей қаржылық теңестіру); көлденеңінен, яғни жергілікті жерлер арасында сонымен қатар оның құрамындағы қауымдастықтар арасында (көлденең немесе жергілікті жер аралық қаржылық теңестіру).

Жиынтық ұлттық өнімдегі салықтардың үлесі 23%. Германияда басты салық түрлері: жеке тұлғалардың салық түрлері, жеке тұлға, жеке тұлғалардың табыс салығы, корпорацияға салынатын салық, қосымша құнға салынатын салық, кәсіпшілік салығы, мүлікке салынатын салық, жер салығы, сақтандыру жарналары, мұраға және сыйға салынатын салық, автокөлікке салынатын салық, акциялар, кеден баждары, т.б. бірнеше түрлері бар.

Заңды тұлғалардан алынатын салықтардың ішінде мемлекетке табысты мол беретіні қосымша құнға салынатын салық (ҚҚС). Оның табыстардағы үлес салмағы 28%-ға тең. Бұл салық табыс салығынан кейінгі екінші орындағы салық. Қазіргі кездегі қосымша құнға салынатын салықтың мөлшерлемесі 15%-на тең. Ал, жеңілдетілген мөлшерлеме - 7% тамақ өнімдері, кітаптар, газеттер, сондай-ақ жолаушы көлік қызметтеріне қолданылады.

Германияда ҚҚС-ның өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, өткен күнтізбелік жылдағы айналымы 20 мың еуродан аспаған, ал ағымдағы жылғы айналымы 100 мың еуро болатын кәсіпкерлер ҚҚС-н төлеуден босатылады. Аталмыш кәсіпкерлер ҚҚС-н емес, табыс салығын төлеуші ретінде қаралады. Бірақ, ол өзіне қойылған шарттардан бас тартып, жалпы ережеге сай өзінің салықтық есебін жүргізе беруіне болады. Ауыл және орман шаруашылығындағы кәсіпорындар ҚҚС-нан босатылған. Сондай-ақ, экспортқа кететін тауарлар да бұл салықтан босатылған. Ал, корпорация пайдасына салынатын салықтың мөлшерлемесі екеу. Егер пайда бөлініске түспесе мөлшерлеме 50%-ға тең. Ал, дивиденд түрінде бөлінетін пайдаға бекітілген мөлшерлеме төменірек - 36% тең. Жеделдетілген амортизация кеңінен қолданылады. Мысалы, ауыл шаруашылығында алғашқы жылдың өзінде-ақ құрал-жабдық құнын 50%-ға дейін есептен шығарып тастауға рұқсат етіледі. Сондай-ақ, қарыз (ссуда) бойынша пайыздарға қолданылады [3].

Ал, акциздер кезінде импорт айналымында салынатын салық сипатында болып келеді. Ал мөлшерлемесі мемлекет ішіндегі айналымындағыдай 15% пен 17%. Акциз түсімдері федералды бюджетке түседі. Акцизделетін тауарларға жататындар: сұйық және минералды отын, шараптар, кофе, сыра, темекі және темекі өнімдері, спиртті - ішімдік өнімдері.

Кәсіпшілік салығы - жергілікті салықтардың маңыздысының бірі. Бұл салық белгілі бір кәсіппен, саудамен, жабдықтау сияқты істерімен шұғылданатын неміс кәсіпорындарына салынады. Салықты есептеу базасы - кәсіпорынның кәсіпшіліктен тапқан пайдасы және капиталы саналады. Салық мөлшерлемелерін жергілікті органдар анықтайды. Кеңінен қолданылатын мөлшерлеме пайдадан 5% немесе негізгі қорлар құнынан 0,2% болады.

Салық салынбайтын ең азы да қарастырылған, ол пайдадан 15 мың еуро, негізгі қор құнын 50 млн еуроны құрайды.

Кәсіпшілік салығының мәселесі бірнеше жылдар бойы Германияда талқыға салынып, өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Әсіресе, сынға алып отырған жағдай кәсіпорынның мүлік бөлігіне салық салынатындығы. Бұл жерде салық ісі түсетін пайдадан тәуелсіз жағдайда қалып, шығынды кәсіпорындар бұл салық түрін қалай да жергілікті бюджетке аударулары тиіс. Ал, қауымдастықтар үшін кемшілігі, көп нәрсе конъюнктураға тікелей байланысты болып келеді. Кәсіпшілік салықтан жергілікті бюджетке түсетін түсімдер көлемі жергілікті кәсіпорындар пайдасының деңгейіне байланысты, сондықтан да үнемі тұрақты бола бермейді. Бұл өз кезегінде қауымдастықтардың ұзақ мерзімді жоспарлауы мен инвестициялауына күрделі мәселелер тудырады.

Қорыта келгенде, Германияда бүгінде салық ісін ұйымдастыру барысында әділеттілік, алу, жинау бойынша шығынды аз ету, тендік, қосарлы салуды болдырмау сияқты қағидалар берік сақталады.

Германия - экономикасының негізінде қазіргі заманғы озық техниканы игерген мемлекет. Әлем бойынша өнеркәсіп өндірісінен АҚШ пен Жапониядан кейінгі үшінші орынды иеленген.

Кейінгі жылдары Германия капиталдары халықаралық миграциясына қатынасуда белсенділік көрсетіп, капиталдың іріленген импорттары мен экспорттарына айналады.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Абиева, С.Н., Алиева, М.М. Салық және салық салу : Оқу құралы. - Алматы, 2017. - 244 б.
2. Кужукеева, К.М. Налоги и налогообложение: Учебное пособие - Костанай: КГУ им. А. Байтұрсынова, 2019. - 105 с.
3. Сабденов М.К. Франция мен Германияның салық жүйесінің негізгі айырмашылықтары - А.: Хабаршы, Экономикалық серия, №3, 2020. – Б. 15-18.

## **ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ИНВЕТОРЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БОЛЖАУ**

*Оналтаев Д.О. - э.ғ.к., профессор, Жандаралы З.Е. - магистрант  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті  
e-mail: [darkhano@inbox.ru](mailto:darkhano@inbox.ru), [zarina\\_08@mail.ru](mailto:zarina_08@mail.ru)*

Экономиканың дамуы инвестициялау процестерінің жандануымен, негізгі қорларды жаңарту және халық шаруашылығы салаларының шаруашылық жүргізуші субъектілерін жаңғырту мақсаттары үшін ұзақ мерзімге бос қаржы ресурстарын тартуға мүмкіндік беретін қор нарығындағы, несие капиталы нарығындағы оның қатысушылары қызметінің тиімділігімен тікелей байланысты болады. Институционалдық инвесторлардың қор нарығының кәсіби қатысушыларының қызметін стратегиялық жоспарлау - институционалдық инвестордың дамуындағы құрылымдық-ұйымдастырушылық өзгерістер жағдайларында кірістіліктің оңтайлы деңгейіне бағдарланудың теріс үрдістерін еңсеру шаралары кешенін жүргізу арқылы және кірістіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізу, қаражат салу тәуекелдерін барынша азайту туралы шешім қабылдау жағдайында іске асырылуы мүмкін.

Институционалдық инвестордың әлеуметтік-экономикалық дамуын стратегиялық жоспарлау жүйесін құру және тиімді қолдану проблемаларын шешудің негізгі бағыттарының бірі - ол инвестиция тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін стратегиялық кезеңге арналған жоспарлау және есептеу негіздемелерінің шаралары мен әдістерін дәйекті жүзеге асыру, құралдарын айқындау, инвестициялық институт типін және ең бастысы инвестициялық процесске тартылатын нақты инвесторлар шеңберін белгілеу бойынша шаралар қабылданатын болады [1, 30 б.].

Институционалды инвесторлар қызметінің стратегиясын іске асыру жолындағы мәселелердің шешудің өзектілігі Қазақстан Республикасының қаржы нарығына қатысушылардың дағдарысын бақылау және ұлттық экономиканың барлық салаларында инвестициялық белсенділікті арттыруға бағытталған. Институционалдық инвесторлардың қызметі мен дамуын стратегиялық жоспарлаудың сындарлы бағыты - олардың әлеуетін іске асырудың, сондай-ақ ұйымдық-құқықтық құрылымдарды құрудың принциптері мен әдістеріне негізделуі керек. Институционалдық инвесторлардың қызметін стратегиялық жоспарлау жүйесін пайдаланудың жоғары тиімділігі осы жүйенің элементтерінің маркетингтік, қаржылық және операциялық қызметтің функционалдық бағыттарымен өзара әрекеттестігіне тікелей байланысты. Осыған байланысты, негізгі стратегияны іске асыру үшін қажетті нәтижелерге қол жеткізу арқылы жекелеген салалардағы институционалдық

инвесторлардың даму перспективаларын анықтайтын функционалдық стратегиялардың мәселелерін шешу - оңтайлы әрекеттердің бірі болып есептелінеді.

Стратегиялық жоспарлау қор нарығының кәсіби қатысушылары үшін ерекше маңызды болып табылады, олар өз қызметінде әрқашан операциялық мәселелердің жауабын табуға міндетті. Қазіргі уақытта экономикалық әдебиеттерде экономикалық дағдарыс жағдайында қор нарығында институционалдық дүкенді дамытуды стратегиялық жоспарлаудың теориялық және әдістемелік негіздері жеткілікті түрде әзірленген.

Инвестордың қызметіндегі стратегиялық жоспарлау оған құрылымды және стратегиялық перспективаны әзірлеуге келесідей факторлар әсер етеді:

- таңдалған стратегияға барынша сәйкес келетін қор нарығы институтының түрін анықтау;

- бос ақша қаражатын тарту бойынша жұмысты бағдарлау және оның қызметінің ауқымы мен стратегиялық дамуын негіздеу үшін мықты инвесторлар шеңберін құру;

- институционалдық инвестордың даму тенденциялары туралы объективті ақпараттың оңтайлы көлемін жасау үшін болашақ кезеңге экономикалық, әлеуметтік және инновациялық бағыттардағы ішкі және сыртқы өзгерістер динамикасына неғұрлым сәйкес келетін болжау әдістерін қолдану қажет [2].

Жеке қаражаттың жеткіліксіздігі, ірі инвесторлардың төмен инвестициялық белсенділігі институционалдық инвесторлардың капиталымен өтелуі мүмкін. Қазақстан Республикасындағы институционалдық инвесторлар – бағалы қағаздар портфелін қалыптастыру үшін өздері тартатын қаражатты пайдаланатын субъектілері: инвестициялық қорлар мен банктер; зейнетақы қорлары; сақтандыру ұйымдары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ұйымдар. Бұл ұйымдар институционалдық инвесторлар болып саналады, өйткені олар ұжымдық, акционерлік меншік иелері болып табылады және өз қызметіне халықтың көп бөлігін тартады.

Қаржы институттарының, атап айтқанда институционалдық инвесторлардың дамуы екі ықтимал инвестициялық нұсқамен байланысты – тікелей және жанама. Инвестицияларды жеткізушілер мен тұтынушылар арасында делдал ретінде оған қаржы институттарының қатысуы арқылы инвестициялау механизмі тікелей инвестициядан айырмашылығы, инвестицияны инвестициялау арқылы уақытша бос ақшасы бар тұлғалар (инвесторлар) тікелей жүзеге асырса жанама инвестиция деп аталады.

Институционалдық инвесторларды белсендірудің қажетті шарты дамыған инфрақұрылымы бар бағалы қағаздар нарығы болып табылады. Қор нарығы инвестициялық процестің өзіндік катализаторы болып табылады. Бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы мен институционалдық инвесторлар бір-бірімен тығыз байланысты. Институционалдық инвесторлардың ішінде ең тұрақты және тұрақты көздері бар сақтандыру компаниялары мен зейнетақы қорларын бөліп көрсетуге болады.

Қазақстанда сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметі және оның қалыптасуында белгілі бір қиындықтар бар. Бұған бірқатар себептер ықпал етеді:

1) Реформаға дейінгі кезеңдегі мемлекеттік сақтандыру компаниялары инвестициялық қызметпен айналыспаған, ал резервтік қорлар түріндегі жинақталған қаражат орталықтандырылған түрде пайдаланылды.

2) Бұл қызмет түрін белсендіру үшін қор нарығының жеткілікті түрде дамымағаны тежеу болып табылады. Дамыған бағалы қағаздар нарығы сақтандыру қызметтеріне сұранысты да қалыптастырады.

3) Үшіншіден, орын алған қаржылық дағдарыс экономикадағы тұрақсыздық пен өндірістің құлдырауымен қатар жүрді.

4) Төртіншіден, нарықтық қатынастарды ескере отырып, болашаққа арналған нормативтік құжаттардың болмауы [3, 81 б.].

Көзделген мақсатқа жету үшін институционалдық инвестор мынадай бірінші деңгейдегі қолдау функцияларын жүзеге асыруы қажет: қор құралдарын сатып алу, оларды инвестордың коммерциялық мүддесі және қор нарығының ағымдағы жай-күйі

шарттарында сату мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін операциялық; қаржылық (институционалдық инвестордың қарамағында қаржы ресурстарын алу мәселесін шешеді); жоспарланғаны инвестор қызметінің болашаққа бағдарын анықтайды); институционалдық инвесторды нақты қажеттіліктерге сәйкес ресурстардың барлық түрлерімен қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық; персоналдық яғни (институционалдық инвестор қызметкерлерінің штатын құрады); қаржы нарығының белгілі бір сегментінде инвестордың нақты орнын белгілеуге мүмкіндік беретін маркетингтік функцияны анықтайды.

Институционалдық инвестордың дамуын макроболжаудың ең адекватты шаралары басқару механизмі элементтерінің өзара байланысындағы жеке тұлғаның дамуындағы басқарылатын объектінің жұмыс істеу инерциясын жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік беретін статистикалық әдістер болып табылады және инвестициялық процестердің аспектілері ретінде қаралады. Ал жеке тиімділік көрсеткіштерін бағалауға қол жеткізу мақсатында институционалдық инвестордың табыстылығы мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін микроболжау - институционалдық инвестордың эвристикалық өзін-өзі ұйымдастыруына негізделген процестерді модельдеу әдістерін қолдану керек [4].

Қаржы және қор нарықтары үшін стратегиялық кезеңнің басталуы ол қор нарығындағы жеке және институционалдық инвесторлар қызметінің қолайлы деңгейіне қол жеткізу үшін экономикалық, қаржылық, ұйымдастырушылық, маркетингтік стратегияларды қабылдауды және іске асыруды, оның тиімділігін арттыруды талап етеді. Әлеуетті ресурстарды пайдалану, қор ресурстарын ұтымды бөлу арқылы қор нарығының кәсіби қатысушыларының қызметінің ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу және дамыту үшін оның ұйымдық және құрылымдық элементтерінің өзара әрекеті болып табылатын стратегиялық жоспарлау жүйесін қалыптастырумен тікелей байланысты. Нарыққа қатысушы (институционалдық қатысушы), оны сыртқы ортаға бейімдеу, әлеуетті ішкі мүмкіндіктерді пайдалану, институционалдық инвестордың жұмыс істеу шарттарына құрылымдық сәйкестігін қамтамасыз етумен негізделеді [5].

Бүгінгі таңда мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – институционалдық инвесторлардың жинақтарының отандық экономикада қалуын және жеткілікті инвестициялық кіріс әкелетін соған жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Жалпы экономиканы дамыту және қаржы құралдарының аясын кеңейту бағдарламалары шеңберінде бағалы қағаздар нарығын дамытуға бар күш-жігерді жұмсау қажет. Институционалдық инвесторларды дамытудың негізгі проблемаларының қатарында инфляцияның бағалы қағаздар бойынша номиналды кірістілік деңгейінен асып түсуінің жалғасуы болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Асилова Айжан Сарсеновна «Институционалды инвесторлардың бағалы қағаздар нарығындағы қызметтері және олардың даму болашағы» - Алматы, 2009. - 30 б.
2. «Инвестициялық қорлар туралы» ҚР-сы Заңы. 29 қаңтар, 2004ж.
3. Дәулиева Ғалия Рахметқызы Институционалды экономика: Оқу құралы. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 81 б.
4. [www.rf-start.com](http://www.rf-start.com)
5. [www.digital.nationalbank.kz](http://www.digital.nationalbank.kz)



## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ «ЗЕЛЕННЫХ» ОБЛИГАЦИЙ В ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРОЕКТАХ

**Прохоров В.В.**

*Сибирский государственный университет науки  
и технологий им. академика М.Ф. Решетнева  
Российская Федерация, г. Красноярск,*

На развитие национальной экономики государств значительное влияние оказывает рост доли углерода в атмосфере нашей планеты. На мировой повестке достаточно резко поставлен вопрос о уменьшении выбросов парниковых газов. И не является секретом то, что их основным источником является операционная деятельность сырьевых отраслей экономики.

В настоящее время наиболее развитые государства радикально начали менять свои законодательства в сфере экологии. Одновременно с этим они начали требовать этого же от менее развитых стран, у которых сырьевые отрасли являются основой национальной экономики. При этом реформирование сырьевых отраслей является затратным и требуют значительных ресурсов.

Основными инициаторами мировых процессов в сфере экологии выступает Европейский Союз. Данное государственное объединение приняло ряд знаковых экологических программ и проектов. К ним относятся такие, как «The European Green Deal», «A Hydrogen Strategy for a Climate-Neutral Europe», «An EU Strategy for Energy System Integration». И все они возникли не на пустом месте. Известно, что Европейский Союз экологическими проблемами занимается с момента своего образования [1, 2].

Интересным является тот факт, что реализацию своих экологических программ и проектов Европейский Союз рассчитывает проводить с помощью «зеленого» финансирования. И его одним из основных элементов являются специфические долговые ценные бумаги, которые имеют название «зеленых» облигаций.

Следует сказать, что дебютный выпуск «зеленых» облигаций состоялась еще в 2007 году. Их эмиссию провел Европейский инвестиционный банк, выпустивший облигаций на сумму в шестьсот миллионов евро. Привлеченные таким образом денежные средства были конвертированы данным банком в кредиты, которыми были профинансированы экологические проекты в ряде европейских стран.

На начало текущего года совокупный объем рынка «зеленых» облигаций превысил триллион долларов США. Данный сегмент финансового рынка показывает высокий темп роста, который превышает 95% в год. Так за январь-май 2021 года было проведено эмиссий «зеленых» облигаций на общую сумму более двести миллиардов американских долларов. На сегодня одним из лидеров по эмиссиям «зеленых» облигаций является Китайская Народная Республика. На данное государство приходится свыше половины мирового объема эмиссий «зеленых» облигаций [3].

Необходимо отметить, что под категорию «зеленых» облигаций подпадают помимо корпоративных облигаций еще государственные и муниципальные ценные бумаги, а также долговые обязательства международных финансовых организаций. При этом чтобы получить статус «зеленых» облигаций они должны соответствовать четырем главным требованиям.

Первым из них является то, что данные облигации могут использоваться только для финансирования исключительно экологических программ и проектов, которые перечислены в Таксономии устойчивости Европейского Союза. Сама Таксономия фактически является определенным классификатором видов хозяйственной деятельности, которые направлены на улучшение экологической ситуации в Европе.

Ко второму требованию относится то, что облигации должны соответствовать определенным Стандартам выпуска. Они разработаны некоммерческой организацией

«Международной ассоциацией рынка капитала». При этом их можно использовать и вне Европейского Союза.

Третьим требованием является то, что цели выпуска облигаций должны быть в соответствии с Политикой зеленого финансирования эмитента. Политика зеленого финансирования принимается в качестве официального документа на уровне предприятия. И она должна быть доступна всем заинтересованным лицам.

Четвертым требованием является обязательная оценка верификатора (аудитора), которая подтверждает, что «зеленый» облигационный заем соответствует заявленным целям. Сам верификатор обязан аккредитоваться в международной некоммерческой организацией «Инициативы климатических облигаций».

В российском государстве имеется свой опыт выпуска «зеленых» облигаций. Первая их эмиссия произошла еще в 2018 году. Ее провело ООО «Ресурсосбережение ХМАО» на сумму в 1,1 млрд рублей. За счет этой эмиссии в соответствии с концессионным соглашением был профинансирован проект по переработки твердых коммунальных отходов в Ханты-Мансийском автономном округе.

В рамках данного проекта было профинансировано строительство производства по сортировке пластика, картона, древесины и железа. Также была подготовлена территория по хранению отходов, не подлежащих утилизации. Кроме того, была профинансирована система по сбору и фильтрации биологических газов, возникающих в период разложения отходов и другое. [4].

Следует отметить, что в 2021 году в России сформировалось определенное законодательство, регулирующее эмиссии «зеленых» облигаций. Оно изложено в нормативных актах Центрального Банка Российской Федерации. И здесь можно сказать, что российское законодательство в данной сфере соответствуют международным требованиям по выпуску «зеленых» облигаций.

При этом имеются и отличительные особенности. Так в Российской Федерации в отличие от Таксономии Европейского Союза к «зеленой» экономики относится атомная энергетика. Это подтверждает и то, что в Европе проводится достаточно жесткая политика по закрытию атомных станций. Например, в Германии к концу 2022 года должны быть закрыты три последних атомных станций.

В целом на российском фондовом рынке уже сформировался определенный сегмент, связанный с «зелеными» облигациями. В частности, на Московской фондовой бирже имеется Сектор устойчивого развития, который предназначен для финансирования проектов в сфере экологии, защиты окружающей среды, а также социально-значимых проектов.

На начало февраля текущего года в Секторе устойчивого развития обращалось пятнадцать эмиссий «зеленых» облигаций 8 эмитентов. Все они имели верификационные заключения национальных верификаторов. При этом необходимо отметить, что российские верификаторы не аккредитованы некоммерческой организацией «Инициатива климатических облигаций» [5].

Имеется и другая информация по поводу эмиссий «зеленых» облигаций российскими хозяйствующими субъектами. Так на сайте аналитической платформы «Инфрагрин» приведены данные, что статус российских «зеленых» облигаций имеют 33 облигационных займа. Такое несоответствие в данных Московской фондовой бирже и «Инфрагрин» связано с тем, что последняя организация учитывает все выпуски «зеленых» облигаций, в том числе и тех, которые выпущены за рубежом юридическими лицами, аффилированными с российскими предприятиями [3].

Необходимо сказать, что и в Красноярском крае для решения региональных экологических проблем можно использовать выпуск «зеленых» облигаций. Еще в 2015 году ПАО «Норильский никель» рассматривал возможность выпуска данных облигаций. За их счет предполагалось профинансировать проект, который был направлен на снижение выбросов в атмосферу вредных веществ.

Конечно, за семь последних лет ситуация, связанная с выпуском «зеленых» облигаций, поменялась коренным образом. Уже имеется специальное законодательство, регулирующее их выпуск. Поэтому можно смело рассматривать их применение.

Так для финансирования проектов в экологической сфере на территории Красноярского края за счет выпуска «зеленых» облигаций возможно создание специализированной финансовой организации, деятельность которой регулируется федеральным законом «О рынке ценных бумаг». Данная специализированная финансовая организация и должна стать эмитентом данных облигаций. И за счет полученных средств о эмиссии «зеленых» облигаций она может проводить финансирование проектов в сфере экологии. Все это позволит решать имеющиеся экологические проблемы на территории региона.

#### **Использованная литература:**

1. Центр компетенций по взаимодействию с международными организациями Высшей Школы Экономики Официальный портал. Финансирование зеленого перехода: инвестиционный план «Зеленый пакт для Европы» и механизм справедливого перехода. [Электронный ресурс]. URL: <https://globalcentre.hse.ru/news/333142452.html> (дата обращения: 10.02.2022).

2. Прохоров В.В. Риски российского государства в условиях декарбонизации мировой экономики. Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук: сборник научных трудов V Международной конференции профессорско-преподавательского состава – Казань: Изд-во «Печать-сервис XXI век», 2021. С. 236-239.

3. Информационное агентство ИНФРАГРИН. [Электронный ресурс] <https://infragreen.ru/> (Дата обращения: 09.02.2022).

4. Зеленые облигации «Транспортной концессионной компании» включены в сектор устойчивого развития на Московской бирже. Официальный сайт «Транспортной концессионной компании». [Электронный ресурс] <https://tkk-lrt.ru/zelenye-obligacii-transportnoj-koncessionnoj-kompanii-vklyucheny-v-sektor-ustojchivogo-razvitiya-na-moskovskoj-birzhe/> (Дата обращения: (11.02.2022).

5. Московская биржа. [Электронный ресурс] <https://www.moex.com/s3019> // (Дата обращения: 12.02.2022).

## **ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ҮРДІСТЕРІ**

*Сакенова У. З., Жайлауова А. Ш.*

*«Мирас» университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан*

Қаржы нарығын дамыту-Қазақстан Банкінің негізгі міндеттерінің бірі. Реттеуші қаржы нарығының жинақтарды ашық, тиімді және қорғалған форматта инвестицияларға айналдыру жөніндегі өзінің маңызды функциясын орындауы үшін жағдай жасайды. Осылайша, ұлттық байлық пен қоғамның әл-ауқатының деңгейін анықтайтын капитал құру үшін орта қалыптасады.

Қазіргі экономикада ұйымның қаржылық қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуде қаржылық стратегия шешуші рөл атқарады. Ол қызметтің барлық негізгі салаларына бағытталған: қаржы ресурстарын қалыптастыру және тарту, оларды пайдаланудың мүмкін бағыттарын анықтау, бұл, сайып келгенде, ұйымның инвестициялық тартымдылығын және иелерінің әл-ауқатын арттыруға әкеледі.

Қаржылық стратегия-бұл ұйымның қаржылық идеологиясымен анықталған және оларға қол жеткізу мен шешудің тиімді жолдарын іздеуге бағытталған Ұйымның қаржылық қызметінің ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге және шешуге байланысты қатынастар жүйесі.

Қаржылық стратегия компанияның жалпы стратегиясының маңызды буыны болып табылады, оған өндірістік, инвестициялық, маркетингтік, кадрлық, ұйымдастырушылық

және құрылымдық және басқа да стратегиялар кіруі мүмкін. Жалпы Стратегияның мақсаты-ұйымның даму процесін анықтайтын жаңа мүмкіндіктер мен шешім қабылдау ережелерін іздеу. Жалпы құрамдағы барлық стратегиялар өзара байланысты және өзара тәуелді.

Қазіргі кезеңде кәсіпорындардың көбеюі оның бағыттары мен формаларын болжаудың, кәсіпорынды дамытудың жалпы мақсаттарына және сыртқы қаржылық ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделудің ғылыми әдіснамасы негізінде қаржылық қызметті саналы түрде перспективалық басқарудың қажеттілігін түсінеді. Макроэкономикалық сипаттағы болып жатқан елеулі өзгерістер, нарықтық процестерді мемлекеттік реттеу жүйесі жағдайында оның жалпы даму мақсаттарын іске асыруға бағынатын кәсіпорынның қаржылық қызметін перспективалық басқарудың тиімді құралы қаржы нарығының конъюнктурасы және осыған байланысты белгісіздік-бұл қаржылық стратег. [1].

Елдің қаржы секторының дамуы қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін ескере отырып, оның ел экономикасындағы орны мен рөлін анықтауға байланысты. Бұл ретте әр түрлі көзқарастарға байланысты әрбір жеке экономикалық агенттің қаржы секторы алдындағы нысаналы нұсқаулар басым болмауға тиіс. Олай болмаған жағдайда, жүйенің тиімсіздігінің өсуі және жүйелік тәуекелдердің ұлғаюы үшін жағдайлар туындайды.

